

Қостанай облысы Лисаков қаласы Красногор ауылының аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2014 жылғы 20 ақпандағы № 210 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 2 сәуірде № 4541 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2014 жылғы 24 шілдедегі № 237 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 24.07.2014 № 237 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 39-3-бабының 6-тармағына және "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес Лисаков қалалық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Лисаков қаласы Красногор ауылының аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

мәслихат хатшысы

КЕЛІСІЛДІ:

_____ С. Бұхарбаев

М ә с л и х а т т ы ң

2 0 1 4 ж ы л ғ ы

№ 210 шешімімен бекітілген

К е з е к т е н т ы с с е с с и я н ы ң
т ө р а й ы м ы , қ а л а л ы қ

Г. Жарылқасымова

К р а с н о г о р а у ы л ы н ы ң ә к і м і

Қостанай облысы Лисаков қаласы Красногор ауылының аумағында бөлек жергілікті

қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары

1. Жалпы ережелер

Осы Қостанай облысы Лисаков қаласы Красногор ауылының (бұдан әрі – Красногор ауылы) аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленді және Красногор ауылының аумағында жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Красногор ауылының аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиыны (бұдан әрі - бөлек жиын) Красногор ауылы жергілікті қоғамдастығының жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі

3. Бөлек жиынды Красногор ауылының әкімі шақырады. Лисаков қаласы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Көше, көппәтерлі тұрғын үй шегінде бөлек жиынды өткізуді Красногор ауылының әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында тиісті көшенің, көппәтерлі тұрғын үйдің қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Красногор ауылының әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Красногор ауылының әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін көше, көппәтерлі тұрғын үй өкілдерінің кандидатураларын Красногор ауылының: көппәтерлі екі қабатты тұрғын үйдің тұрғындарынан бір адам; екі көппәтерлі бір қабатты тұрғын үйлерің тұрғындарынан бір адам санымен бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Красногор ауылы әкімінің аппаратына береді.